

Қоқымбаева Б.Ж.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ
«МҰРАГЕР» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
АЛТЫН ОРНЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Қоқымбаева Б.Ж.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ
ЖҮЙЕСІНДЕГІ «МҰРАГЕР» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
АЛАТЫН ОРНЫ

ПАВЛОДАР
2012

УДК 378 (574)
ББК 74.58
Қ 61

Жауапты редактор:

Н. Аршабеков – ПМПИ ректоры, философия ғылымдарының докторы

Қ 61 Қоқымбаева Б.Ж., өнертану ғылымының кандидаты, философия ғылымдарының докторы, ПМПИ профессоры.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ұлттық білім жүйесіндегі «Мұрагер» бағдарламасының алатын орны: мақалалар (қазақша, орысша) Павлодар: ПМПИ, 2012. – 34 бет.

© Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, 2012
© Қоқымбаева Б.Ж., 2012

ӨНЕРДІҢ ҰЙТҚЫСЫ

Өмірде тіршілік ететін әрбір тірі дүниенің өзінің бастау алар шыңы, негізі, түп тамыры бар. Сол сияқты ұлттық сана-сезімнің құдіреті болып есептелетін тіл, өнер, мәдениет, салт-дәстүр деген ұғымдардың да өз бастауы бар. Ол әрине жас сәби дүниеге шыр етіп келгеннен ананың ақ уыз сүтімен бойына дариды. Ананың ақ сүті қандай киелі болса, жоғарыда аталған қасиетті нәрселердің бәрі де сондай киелі. Сондықтан өзен бастау алар бұлақтың көзін ашпасаң, жабылып, бітеліп қалатыны сияқты, ол сезімді адам бойында өсе келе жаңғыртып, оятып, жаңартып отырмаса өшіп қалады. Оны жүзеге асыратын әрине мектеп, ұстаз мұғалім.

Қазақ халқына өнер дегеннің ерекше әсемі мен ерекше қасиеттісін бөліп берген. Сол өнерді жас жеткіншек бойына сіңіре білу, көкірегіне ұялата білу әрине ән-күй пәні мұғалімінің ең басты мақсаты.

Жетпіс жыл бойы басқа ұлттың шырмауынан шыға алмай, соның сойылын соғып жүргенде, оған сөз жоң аз көңіл бөлінді. Десек те жойылып кеткен жоқ. Егемендігімізді алып, еркіндігіміз қолымызға тигенде арқамызды кең салып, терең тыныс ала бастадық. Осы кезде ұмыт бола бастаған тілімізді де, өнерімізді де, мәдениетімізді де, салт-дәстүрімізді де еске ала бастадық.

Қанша қыспақ көрсе де ол өз күшін жоймаған, жоюға жол бермеген азаматтар аз емес. Бүгін осы жұмыста сондай азаматтардың ерлігінің жемісін, жеткен жетістіктерін, ең басты соған жетудегі күрес жолдарын сөз еткіміз келіп отыр. Ол - ұлттық саздың нәрімен сусындатар, қазақтың тарихы мол өнерінен хабар берер, оқушы жүрегінен туған халқының өнеріне деген махаббатын оятуды мақсат тұтқан "Мұрагер" бағдарламасы. Және оның құрастырушылары Әбділхамит Ысқақұлы Райымбергенов пен Сайра Шәкірқызы Райымбергенова туралы сөз болады.

Ең алдымен осы бағдарламаның шығу, іске асу даму тарихына тоқтала отырып бірнеше ғалымдардың пікіріне сүйене отырып баға берсек деп отырмыз.

1987 жылы Райымбергеновтердің үлкен қызы мектеп табалдырығын аттады. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваторияда сабақ беретін ата-анасы Дина оқитын сыныпқа келіп, ән сабағын өздері құрастырған өзгеше "Мұрагер" бағдарламасымен жүргізеді. " 1987 жыл мен 1993 жылдар арасында Ы. Алтынсарин атындағы № 159 мектептегі бұл сынып математика пәнінен көп жетістіктерге жетіп, өзімен қатарлас сыныптардың ішінде "математика сыныбы" деп аталып, кейін 7-ші сыныптан былай "информатика сыныбы" болды.

Оқушылармен, ата-аналармен, ұстаздармен сөйлесу арқылы, алдын-ала жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде біз мынаны байқадық: алғашында ол сынып басқа өзімен қатарлас он сыныптан ешқандай айырмашылығы жоқ, қарапайым болған. 2-ші сыныптан бастап ән сабағы

жүргізіле бастағаннан кейін сынып оқушыларының үлгерімі артып, сынып тіпті бұрынғыдан да бетер ұйымшыл тату бола бастайды [1, 132 б.].

1994 жылғы тәжірибешілік қабылдаудан кейін жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің ән-күй сабағына арналған "Мұрагер" бағдарламасы басылып шықты. "Мұрагер" атты бағдарлама ән-күй пәні бойынша қазақ орта мектебінің бастауыш сыныптарына арналған алғашқы бағдарламаның біріне жатады. Жаңа бағдарламаның негізгі мақсаты – «өзінің тілін, дінін, дәстүрін, өнерін, әдет - ғұрыптарын біліп, халқының асыл қазынасының мұрагері сезінетін, өз елін, туған жерін, атамекенін сүйген Қазақстан Республикасының - азаматын тәрбиелеу» [2, 3 б.].

1996 жылы барлық өнертанушы, өнерсүйер халықты дүр сілкіндірген оқиға болды. Ол туралы зерттеушілер былай дейді: "Алматыда ерекше оқиға болды. Ол - егеменді Қазақстанның астанасында алғаш рет мемлекеттік емес қазақ мектебі ашылды. Дәлірек айтқанда өнер колледжі. Бұл білім ордасының негізін салған атақты сазгер, "Мұрагер" ансамблінің негізін салушы, ғалым, педагог, "Күй қайнары" кітабының авторы, "Домбыра үйренейік" теледидарлық хабардың атақты жүргізушісі, консерваторияның аға оқытушысы Ә. Райымбергенов пен онымен пікірлес адамдардың алдарына қойған мақсаттары өте өзекті мәселені қозғайды. Ол -оқушыларға еуропалық үлгімен жалпы білім берумен қатар жоғарғы үлгідегі қазақ халқының дәстүрі өзгермей, каймағы бұзылмай жеткен киелі де қасиетті мәдениетімен тәрбиелеу» [3].

Міне, әлемдік қатардағы "Мұрагер" жүйесінің баспасөз беттерінен, ғалымдардың оның ішінде философ, өнертанушы, педагогтар пікірлерінен жинақталған тарихы осындай. Бұл -теңдесі жоқ ғалымдар, жаңашыл педагогтар Әбділхамит және Сайра Райымбергеновтердің ғылыми педагогикалық шығармашылық әрекеттерінің шағын тізімі.

Бұл ерекше істің басында тұрған профессор, өнертану ғылымының докторы Әсия Ибадуллақызы Мұхамбетова. Және оның жолдасы Бағдаулет аға Аманов. Екі бірдей консерваторияны - (Алматы және Ленинград) аяқтаған Бағдаулет ағаның өмірі қысқа болса да жарқын болды. Ол "Ұғымдар - мәдениеттің белгісі" атты мақаласында былай дейді:

"Домбырашыларды үйрету мен тәрбиелеу ісінде халық ұғымдары өте маңызды орын алады. "Халық ұғымдарының" бейнелігі мен орындау мәнерінің тығыз байланыстылығы жас сазгерге халық дәстүрінің рухына терең үңілуге көмектесумен қатар көз алдына елестету қабілетін калыптастырады» [4]. Ғалым ағанын басқа да еңбектері бүгінгі күні үлкен баға жетпес ғылыми байлық болып саналады. Өйткені олар жәй ғана ғалым-теоретик жазған еңбектер ғана емес, біріншіден, ол күй шеберлігінің айнасы, екіншіден, мақалаларында зор фактологиялық мәліметтер (Бағдаулет ағаның экспедициясында жазған аңыз-күйлері, халық ұғымдары) келтірілген.

Әсия Ибадуллақызы... Дәл соны Малайзияда Мұхаммед пайғамбардың қызы ретінде қабылдаған (Мұхамбетова деген фамилиясына қарап). Нақ соны өзбекстандық әріптестері Әсия-ханым деп дәріптейді. Онсыз республикада біршама маңызды мәдениеттанудан, музыка тарихына кіріспе ғылымдарынан

еңбектер басылып шықпайды. Осындай әлемдік дәрежедегі ғалым - Әсия-ханым - Райымбергеновтердің шығармашылық әрекеттерінің рух беруші, пікірлес, жолдарына жарық шашатын ойшыл насихаттаушысы.

Әсия-ханым мен Бағдаулет аға - шәкірттеріне өз білімдерін үйрету, мұра етіп қалдыру арқылы өздерінің армандарын іске асырған ұлы ұстаздар.

Консерватория қабырғасында Сайра мен Әбділхамит оқыған топта қабылданып, музыкалық жоғарғы оқу орнындағы ұлттық аспаптар факультетінің жинақталған сольфеджио бағытына арналған бағдарлама - өте сирек болатын Мұхамбетова – Аманов - Райымбергеновтердің одағының алғашқы ғылыми зерттеу жұмыстары еді.

Бұл бағдарламада ұйымның қатарындағы Әсия-ханым, Бағдаулет аға, Әбділхамит және Сайра, С. Өтеғалиевтердің еңбегінен басқа да Ғ.Н. Омарова жасалған этносольфеджио курсының өзегі, негізі жатыр еді. Домбыралық музыкаға негізделген қазақтардың ана сүтімен бойына дарыған сазына арқа сүйеу - этносольфеджио және жинақталған бағыттардың негізгі ерекшелігі.

Міне, байқап отырғандай, сонау ХХ ғасырдың жетпісінші жылдардың өзінде-ақ осы ұжымның ғылыми-шығармашылық және педагогикалық іс-әрекеттерінің бүгінгі күні іске асып жатқан ең басты бағыты белгілі болған. Бұл бағыт - ізімізді басатын жасөспірім ұрпақты тәрбиелеудегі қазақ сазының мәнімен атқаратын рөлінің тереңіне үңілу.

Ал, осы бағытбағдар - "Мұрагер" бағдарламасының бастау алған шыңы болды. Осы бағдарламаға талдау жасай отырып, оны басқа Д.Б.Кабалевскийдің, Карл Орфтың, Барток Кодай, жапондық білім беру жүйелерімен салғастырып, Әсия ханым былай дейді: "Бұл әлемдік дәрежедегі жүйе". Аталған жүйені күрастырып, сол жүйемен білім беріп жүргендер: Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваторияның домбырашысы Ә. Райымбергенов пен өнертану ғылымының кандидаты, этномузыкатанушы С. Райымбергенова.

Осы күндері жаңа оқыту жүйесінің бағдарламасы халықтың білім беру министрлігінен басылып шығып, Қазақстанның көптеген қалаларында іске асуда. Бұл - әлемдік сұранысқа жауап бере алатын және де көптеген қолдау тауып, дұрыс деп табылған Барток, Кодай мен Орфф жүйелері сияқты ұлттық салт дәстүрден негіз алған жүйе.

Оның негізін салған Райымбергеновтер шешендік, ақындық өнермен сабақтастығы бар, ұлттық төл аспабы домбыраны аталған жаңалықтың діңгегі етіп алды. Домбыраны ақындық, шешендік өнермен сабақтастаруының бірден-бір себебі, әрбір күйдің өзіне тән аңызы, шығу тарихы, тіпті мифологиясы бар ғой. Десек те, Райымбергеновтер домбырада ойнауды үйретумен ғана шектеліп қоймай, сонымен қатар ою-өрнектеп әсемдеу өнерінен де тәжірибе жүзінде білім беріп, би өнерін де оқытады, үйретеді.

1987-1995 жылдар аралығында бұл жүйе Алматы қаласының № 12, 159 мектептерінде тәжірибешілік сыннан өтті. Екі мектептен де түйілген түйін, шыққан қорытынды бірдей болды, яғни ән сабағы жаңа білім беру жүйесімен өткен сыныптардағы оқушылардың үлгерімі бүкіл пәннен жоғарлап, тіпті үшке окитын балалар мүлдем болмады. Балаларды дәстүрлі күй, ән, айтыс, миф, ою-

өрнек, би әлеміне үнілдіру олардың шығармашылық қабілетіне түрткі болатыны сонша, олар басқа пәндерді де жоғарғы дәрежеде оқи бастады. Алты жыл уақыт аралығында ән сабағында балалар күй тартып, өз беттерімен домбыра пернелерінен ән теріп қана қоймай тарих мәліметтерімен, қазақтың ата салт-дәстүрімен, киіз үйдің құрылысымен танысады. Ою-өрнек өнерінің мән мағынасын біліп шығады. Сонымен қатар ондай жүйемен білім алған оқушылар ең бастысы орташа сыныпқа келгенде-ақ еуропаның классикалық музыкасының әлеміне еркін ене алатын болады.

1993 -1995 жылдары қазақ теледидарынан жаңаша білім беру жүйесінің сазды және домбырада ойнауды үйретуге арналған бөлімі арнайы хабар ретінде көрсетілген еді. Екі жыл бойы үзбей көрген көрермендер ол жүйенің тиімді екеніне көздері жетті. Теледидар көрермендерін алғашқы сабақта домбыраны ұстауды білмеген балалардың екі жылдан кейін өз беттерімен күй ойнап, өлең айтып отырғандары қатты таң қалдырды.

Ал сабақтардың барлығы ұжымдық түрде жүргізілгені, бірде-бір бала жеке сабақ (көптеген музыкалық мектептердегі сияқты) алмағаны белгілі. Осы хабар барысында балалар қаншама әндер күйлер тыңдады, сазгерлердің өмірбаяндарымен танысты, әр түрлі күйлердің шығу тарихы мен аңыздарын білді, аспаптардың құрылысымен танысты, туыстас халықтардың мәдениетін санаға түйді, қаншама оркестрлермен, ұлттық шеберлермен танысты. Айта берсе толып жатыр.

Бұл бағдарлама көрермендердің арасында өте зор атакқа ие болды. Себебі, ол арқылы тек балалар ғана емес, сонымен қатар үлкен адамдардың өзі саз өнері туралы көптеген мағлұматтар алды. Ал сазгерлермен кездесу ерекше қуаныш еді. Және де осы хабардың жүргізушісі, сөз болып отырған жүйенің авторы Ә. Райымбергенов көрермендердің сүйіктісіне айналды. Ол өзінің үлгілі ұстаздық, үздік теледидар жүргізушілік, өз пәнінің терең білерлік, әртістік, балалар психологиясын жете түсінетін, теледидар жанры мен білім беру құралын жұптастыра, қиыстыра білу қабілетін толық дәрежеде көрсете білді.

Райымбергеновтардың жүйесі туралы музыкалық педагогика әлеміндегі үлкен жаңалық деп айтып келсек, енді олардың екінші зор жаңалығына көңіл аударсақ, ол көрсетілген сабақтар әлемдегі ең алғашқы рет теледидар арқылы музыкалық аспапта ойнауға үйретуді мақсат тұтқан, соны көрсеткен хабар болды. Бұл жаңалықтың маңызын, мәнін бағалау өте қиын. Расында да музыкалық аспапта ойнауға үйретудің жолы ретінде кейінгі заман өркениетіндегі ақпаратты/ информацияны таратудың ең күшті құралы теледидарды алу өте үлкен жаңалық. Әрине, теледидар арқылы аспаптарда ойнауды үйрету үшін, ой елегімен өткен өте дұрыс құралған жетік әдіс керек еді. Және ол әдіс жасалды.

Жүргізушінің әртістігінің, сыпайылығының, ептілігінің артында қаншама жылдардың толғанысы, ізденісі, еңбегі, әртүрлі саз өнерін оқытудың жүйелерін меңгеруі, халық музыкасының тәжірибесі және өзінің сәтті де, сәтсіз шыққан эксперименттері тұрғаны туралы кез келген көрермен білер ме екен?" [3].

Оқып отырғанымыздай, Әсия ханым жоғарыда аталып кеткен, өзгеше жасалған, ерекше жүйені талдап қана қоймай, іске асырып жатқан Ә.

Райымбергеновті де жан жақты сипаттап, талдап, оның данышпандығын дәлелдеп береді. "Мұрагер" жүйесінің күрастырушысы "Көкіл" атындағы өнер колледжінің ұйымдастырушысы, өзі шығарған "Сегіз қырлы" атты теледидарлық хабардың жүргізушісі Әбділхамит Райымбергенов өзі де "Сегіз қырлы" адам. Ол айтылып келе жатқан жұмыстармен қатар Қазанғаптың күйшілік мирасын жинау және зерттеу жұмыстарын жасап жатыр. Ол туралы Әсия-ханым былай дейді: "Жетпісінші жылдары консерваторияда оқып жүргенде Әбділхамит Қазанғаптың шығармаларын, өнерін бүкіл Қазақстан білу үшін бәрін істеймін деген шешім қабылдады.

Сол кезде оған өзі табынатын адамның күйлерін шет елдерде де сүйіп тыңдайтын болады десе, сенбес еді. Содан бастап Қазанғаптың өмірі туралы деректерді жинасам, оның бүкіл күйін, бір шоғырға әкелсем, ол туралы кітап шығарсам деген үлкен арман көкірегіне ұялады. Күйшінің асыл мұрасын жинауды ғалым Қазанғап дүниеден өткеннен кейін шамамен елу жылдан соң бастады. Сонда да ол күйші ақсақалдардың ерекше есте сақтау қабілеттерінің арқасында Қазанғаптың күйлерінің жүз елу түрін жинады.

Бүкіл өмірлерін ауылда өткізген күйші ақсақалдармен қарым-қатынас жасап, Қазанғаптың күйлерін, ол туралы әңгімелерді жаза отырып, өмір мен өнер туралы пікір алысу нәтижесінде ол консерваторияда оған ешкім үйретпеген күй ойнау шеберлігімен танысып, солай ойнауды үйреніп және ең бастысы күйшінің өмірін түсініп, оның шығармашылық рухани әлеміне енудің қайнар көзін тапты. Күйге деген асыл махаббатын бөліскен өзінің жұбайы Сайра Амановамен бірге өте мәнді, құнды екі еңбек басып шығарды. Олар: Қазанғаптың өмірінен мағлұмат бере отырып, оның отыз күйіне талдау жасалған "Ақ желең" және елу классикалық күйлердің нотасы, дәулескер күйшілердің өмірінен біраз сөз шертетін, қазақ күйлерінің тарихына көз жүгіртумен қатар сол күйлердің антологиясы болып есептелген "Күй кайнары" атты кітаптар [5].

Оның жиырма жылдан артық уақыт аралығында ақсақалдардан жинаған репертуары шексіз. Онда қазақтардың барлық домбыралық мектептерінің үш жүзге жуық күйлерімен қатар түркімен, карақалпак күйлері бар. Балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыра отырып, өзі де сыбызғы, шаңқобыз, қыл қобыз, үскірік, т.б. сол сияқты барлық ұлттық аспаптарда ойнауды үйренді. Дегенмен оның өнердегі өмірлік нәр алар жемісі домбыра және Қазанғап күйлері.

Оның бойындағы еңбекқорлық, шыдамдылық сияқты асыл қасиеттердің негізі өмірден өткен атакты күйшілердің өнеріне және ауыл ақсақалдарына шын берілгендігі үшін аруақтардың ризалығында жатыр десек артық болмас. Себебі, кеменгер Әбділхамитке Ғарыш әлемінде туындап, ежелгі мифтерде, халық мұрасында айтылғандай жерге түсетін солардың қолдауы арқылы саз үндестігінің әлемі есік ашады.

Баска дүние әлемінің нұры ол шоғырландырылған үйлесімді күйді орындағанда әсер етіп, оны Қазақстанның ең үздік домбырашыларының бірі етті. Домбырада ойнаудағы шеберлік мәселесі Әбділхамитті қазір көп ойландырып,

мазаламайды, себебі ол казір нағыз домбыра құлағында ойнайтын шебер. Ол "шеберлік" деген ұғымның аясына өзі кезінде үйренуге ұмтылған жылдамдық, дауыс, дыбыс күштілігі деген ұғымдар енбейді. Оның шеберлігі - ерекше өнер туындысы. Тіл біткен домбыра әуезділігіне енетін түрлі әсем дыбыс бояуларының бір-біріне ұласып, мағыналық үйлесім табуда, кідіріс пен саздың ырғағын келтіре орындауда бұл өнердің маңыздылығы жатыр. Бұл - терең, көп қабатты күйдің бергі шетін ғана түсініп қою емес, керісінше, оның бет пердесін ашып, тереңде жатқан күй әлемінің әсем де сұлу табиғатының мағынасын, мәнін түсіну. Тындаушыларды күйдің жер бетіндегі кеңістігінен тыс басқа әлемде отырған шағында, сол сезім тәрбиесіне лайықты карқын мен ырғақты сезіне білуге оның ерекше туған болжағыштық, сезімталдық қасиеті көмектеседі.

Сол сәтте туындаған күйдің ырғағы күй әлемінде жүрген тыңдаушыларды ғарыштық тербелістің ырғағына қосып, жер бетіндегі өнімсіз, пайдасыз, өткінші өмірден суырып алып, мәңгілік әсем, сұлулық билеген "саз әлеміне" алып кетеді. Ол өнерсүйер қауымды өзінің шеберлігімен үйіріп әкетіп қана қоймай, сонымен бірге рухани жандүниелерін тазарту жүректерін татуластыру арқылы бала кезіндегі күй тартсам деген асыл да қымбат арманына қадам басты. Десек те, нағыз саз өнерінің иесі, Ысқақ Райымбергенов пен көтеріліске дейінгі халықтың үлгілі саз өнерін Жеткізуші ауыл ақсақалдарынан тәрбие алған Әбділхамит олардың күй ойнау, оны түсіну шеберлігіне жету үшін әлі де көп еңбектену керек екендігін мойындайды.

Жоғарыда айтылып кеткендей, міне, екі мүшелі уақыт болып қалды, осы жұмыстардың бас-көзі болып, оның қасында жан жары, жұбайы Сайра Шәкірқызы жүр. Сайраның өз фамилиясы да Бағдаулет ағаның фамилиясы сияқты Аманова. Сол себепті ол өзінің ғылыми еңбектерін Аманова фамилиясымен бастырып отырады. Сайра "Қазақ халқының ежелгі аспаптың сазы (домбыралық күйлер негізінде)" атты диссертациясын қорғап, өнертану ғылымының кандидаты деген ғылыми дәрежесін алды. Онда зерттеуші "Акку (Ақ каз)" және "Ақсақ құлан" күйлерінде сақталып қалған қазақтың ежелгі мәдениетінің терең қабатына сәуле шашады [6].

Уақыт шапқан тұлпар сияқты зымырап барады. "Мүрагер" бағдарламасы бойынша білім алған алғашқы оқушылар бүгінгі күні білдей бір елдің болашағы, канаттары катаяып, өмірден өз жолдарын тапқан жастар. Сол сияқты Дина Райымбергенова да Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық Университетінің студенті. Болашақтағы казак халқының дәстүрлі сазын насихаттаушы және тарихшы маманы. Ал өз әкесінің сыныбында білім алып жүрген Санат Райымбергенов те арғы атасы Райымберген, өз атасы Ысқақ, әкесі Әбділхамит сияқты домбырашы болатынына кәміл сенеді.

Қалыңда бар асыл қасиетін дамытып, болашақтың үміт артар азаматын тәрбиелеу Әбділхамиттің де ата-баба алдындағы үлкен парызы екені сөзсіз. Тек өз баласына ғана үйретіп, тек өз баласын ғана саз өнеріне үйіріп қана қоймай бүкіл қазақ ұлтының болашағы - жас ұрпақтың өнердегі ұйытқысы екеніне көзіміз аз да болса жеткен сияқты. Әрине, бұл еңбек ұшан-теңіз өнер әлеміне

оның қосқан тамшысы, немесе бір ғана саласы десек, біз, яғни болашақ адамы да оған үлес қосуымыз керек.

Райымбергеновтер жанұясын "өнердің ұйытқысы" деп алуымыз да тегін емес. Себебі, олар тек өз өнерлерін дәріптеп қана қоймай, сол өнерді сүйылтпай, қаймағын бұзбай бір шоғырға жинап, айналасына үйіріп, бір бүтін ретінде ұйытып отыр емес пе?

Ал біздің міндетіміз соған көз жеткізіп қана қою емес, соны жүзеге асыру, соның мәні мен мазмұнына терең үңілу, соны өз шәкірттеріміздің жүрегіне ұялату, өнерге, ұлттық сазға, әуенге деген махаббаттарын ояту.

Әдебиеттер тізімі:

1. Зортанбекова Ф., Программа «Мұрагер» и развитие творческих способностей учащихся// Поиск. 1997 г., №2 («Мұрагер» бағдарламасы және оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту (орысша)).

2. Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің ән-күй сабағына арналған «Мұрагер» бағдарламасы – А., Республикалық баспа кабинеті, 1994 ж. / құрастырғандар: Ә. Райымбергенов, С. Райымбергенова.

3. Мухамбетова А. Система детского эстетического воспитания А.и С.Раимбергеновых// Аманов Б.Ж., Мухамбетова А.И. Казахская традиционная музыка и XX век.- Алматы: Дайк-Пресс, 2002. - 544 с. – С. 423-428.

4. Аманов Б. Терминология как знак культуры // Аманов Б.Ж., Мухамбетова А.И. Казахская традиционная музыка и XX век.- Алматы: Дайк-Пресс, 2002. - 544 с.

5. Райымбергенов Ә. Қазанғап. Ақжелең (күйлер) – А., Өнер, 1984 ж., (екі тілде); Райымбергенов А., Аманова С. Күй кайнары. Голоса народных муз - А.: Өнер, 1990 ж. (екі тілде).

6. Аманова С. Күй «Аққу» (структура, семантика)// Инструментальная музыка казахского народа (сборник статей) – А.: Өнер, 1985 г.; Райымбергенова С., Күй – легенда «Аксақ Қулан» // Заман Казахстан (международная газета), 1997 г., сентябрь № 3.

7. Наурызбаева З., Мухамбетова А., В казахских традициях, по европейским стандартам / Заман Казахстан (международная газета), 1996 г., 05, 11 – января, № 1, 11 стр.

8. Айтжан Есенұлы, Күй – послание Всевышнего – А., Көкіл, 1997 ж.

9. Райымбергенов А., Проблемы текстологической вариантности кюев// Инструментальная музыка казахского народа (сборник статей) – А., Өнер 1985 г.

10. Мұхамбетова А., Қағажу көрген қазақ музыкасы // Жұлдыз, 1991 ж., №5.

11. Программа комплексного курса сальфеджио для факультетов народных инструментов музыкальных вузов (методические рекомендации) – А., 1991 г. / сост.: Мухамбетова А.И., Аманов Б., Райымбергенова С., Утегалиева С., Омарова Г.

12. Программа курса этносольфеджио – А., 1999 г. / сост.: Омарова Г.

Павлодар мемлекеттік университетінің доценті, өнертану ғылымының кандидаты Кокумбаева Б.Д.; Саз және ән мамандығының 4-ші курс студенті Хасенов А., Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Хасенова Р.

Павлодар қаласы, 1998 ж.: қолжазба.

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РУХАНИ
ТӘҢІРІЛІК ІЛІМІНІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОРНЫ//**

**«XXI ғасырдағы адамның көңіл-күйі: мәселері және перспективалары»
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары.
– Павлодар: ПМПИ, 2008. – 361 бет.**

*Б.Д. Қоқымбаева, философия ғ. д.,
профессор ПМПИ (Павлодар қаласы)
Б.Н. Мамлянова, ПМПИ (Павлодар қаласы)*

Егер рухани ілімге біртұтатас қарайтын болсақ, оның мұндай бағытта зерттелмегендігін байқауға болады. Жазба мәдениетінің басым болу жағдайына байланысты, діннің негізгі құрамы болып табылатын, рухани ілімдердің кітап нұсқасына деген қызығушылығын туғызды. Алайда егер дінге тірі мәдениет ретінде қарайтын болсақ, оның көрінісі әлдеқайда кең және әр алуан екендігіне көзіміз жетеді. Өйткені рухани ілім – сакралдық күндері, діни мерекелер мен күнделікті дәстүрлерді қоса біріктіретін құдайға құлшылық ету акті. Яғни, дінді зерттеу де жазба мәтіндерге қатысты дұрыс емес.

Бұған көрнекті мысал ретінде тәңірілік рухани ілімі болады. Тәңіріліктанушылықтарға ерекше қиындық туғызып отырған дерек – бұл кітап нұсқалардың көбісі арнайы ғылыми қызығушылық қана. Шындығында олар өмірдегі тәжірибиеде Библия немесе Құран тәрізді функционалдық орын алмайды. Бұл деректі негізге ала отырып, тәңірілік рухани ілімінің өмір сүре алмайды деген пікір қалыптасады. Біздің ойымызша шынды талдау қажет.

Кең көлемдегі негізгі зерттеу еңбектерге қарамастан, тәңірілік мәдениеттің мәселесі толыққанды көрсетілмеген. Тәңірілік ілім - өзінің үлкен жолдағы бастауында деуге болады. Және бұл расында да солай, өйткені ғылыми бағыт ретінде жаңа ғана қалыптасып жатыр. Ең бір қызықты мәселе – рухани әлемдегі қазақ нұсқасында зерттеу. Айтып кететін бір жәйт, барлық толық құрастыру қазақ мәдениетінің нұсқасында мүмкін емес. Көптеген қазіргі елдердің жалпы мұрасы бола отырып, тәңіршілдік әмбебап көрініс болып табылады. Қазақ тәңірілік констаталарына талдау жасай отырып, біз ең алдымен, аутенттік (нақты) «көк» «тәңірі» синонимің мысалға аламыз. «Шындап айтқанда, Тәңірдің толық аты – нұрдан толқыған құдай, адамзаттың әке – шешесі болып табылатын Көк Мәңгі Тәңірі. Ғасырлар түбінде, күнделікті күндерде ол Тәңірге өзгеріп, сол сакральды рухын, яғни Ұлы Қыр Құдайының толық мәртебесін өткізетін рухын жоғалтады», - дейді А.Никонов [1].

Бір жағынан «көк» жайлы, өзінің тарихи маңызын жоғалқан деген пікір, әділетті де. Бұған қазіргі зерттеушілердің Көк Мәңгі Тәңірдің толық атының сирек қолдану дерегінен көруге болады. Бірақ, егерде қазақ мәдениетіне зейін

салып қарайтын болсақ, оның барлығын дерлік «көк» констатамен қосылғанын байқауға болады. Көк – бұл Космос, біртұтас тәрізді рухани универсум және бұл біртұтастылықтың құрамды бөліктері: Көк бөрі – ұлы Құдай және бір беттегі ата – баба. Көк түрк - Аспан ұлдары, өзіне ұқсас жаратылған. Дүниенің жаратылуы көк бұқа образымен байланысты. Қазақтың аңызы бойынша жер жұмыртқа тәрізді және Көк бұқаның мүйізінде орналасқан. Көк бұқа шаршаған кезде, ол бір мүйізіннен екінші мүйізге жерді ауыстырғанда жер сілкінісі болады. Аспанның қанатты аты Көк балақ рухани күш пен сұлулықты бейнелеп, бұрынғы күйлерде өз көріністерін тапты [2].

Сонымен, Көк бірмезгілде Жаратушы тәрізді және оның жаратушылары болады. Ол барлық Дүниені қамти отырып, тіршіліктің негізі болып табылады. Мағынасы – Аспанға тиесілі, құдайдан шығу тегіне бағытталған Көк бөрі, Көк түрк, Көк бұқа, Көк балақ констаталары түсінікті бола бастайды. Көк Мәңгі Тәңірі рухани ілімі біртұтас. Мұнда еуропалық мәдениетте сияқты өмір мен мәдениетке бөлу күрделі. Тәңірілік мәдениетте және бұл қазақ көшпенділердің дамуын алған ең ерте тарихи кезеңге қатысты, күй мысалының арқасында байқауға болатын рухани ілім өмірдің нағыз матасына тоқылған. Қазақ тілінде «көк» пен «күй» сөздері эквиваленттер, бұл күйдің буддистік медитация, христиандық дұға мен мұсылман намазы мен салыстыруға негіз береді. Сонымен қатар, күй Аспанның рухани биіктігінің жердегі адамның күнделікті өмірімен байланыстылығын біріктіреді. Күйдің тарихи өмірі мәңгілік болып шықты, өйткені бүгінде өзінің қаз қалпында. Күй дүниенің моделінің рухани константасы ретінде ең күрделі қасиретті өтті – бұл Уақытпен сынау, яғни Мәңгілікпен және кеңестікпен. Көшпелілік әлемі – динамика әлемі (М.М. Әуезов); жылқы да отыра тұрып, көшпенді, өзгелерден гөрі дүниенің төрт жағымен де жұғысты және эмпирикалық дүниені бақылай отырып, көшпенді үлкен ашу ашты: ең үлкен ашу ашты: ең үлкен байлық – бұл Білім. Шынды Білім бұл Рухани Білім және барлық өз күш–қуатын Жаратушының ұлы сыйларын сақтаумен байытумен бағыттады. Оны ең құнсыз әлемдегі келетін материя секілді өткізді, Әрине, ең нәзік және мәңгілік сыйға сенімді жер болып, тұрақты Жаратушымен байланыста болатын, адамның жүрек орталығы – жан болды. Бұл тұрғыдан тек күй ғана емес, сонымен қатар барлық «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғалардың мұралары тәңірілік рухани ілім Күйге келіп, көк түрк мәңгілігін қамтамасыз етеді.

Тәңірілік мәдениет – бұл тек тарих мұрасы емес. Қазіргі жаңашыл ұстаздар Әбділхамит пен Сайра Райымбергеновалар арқылы, күй, яғни көк, өз өмірін бүгінгі қоғамда жалғастыруда. Бұл жерде ол әлі тек элитарлық көрініс екенін атап кету қажет. Дегенмен, авторлық білім беру моделі бойынша 20 жыл өнімді іс-әрекет пен Көкіл мектеп–колледжі және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының қырық шақты мектебі мен Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстанның жұмыс атқаруы кейбір қорытындылар жасауға негіз береді. Қысқаша Көкіл мектебінің идеясы білім беру мен тәрбиелеу арасындағы айырманы жеңу.

Өнер құралдарымен балалардың шығармашылық потенциалдарын ашу әдісін қолдана отырып, колледж ұйымымен әлем стандарттарының деңгейіндегі базалық жалпы білім беру мектебінің моделі жобаланды. Қойылған мақсат өз шегіне жеткенін ғылыми зерттеу барысында шығарылған зерттеулерден және барлық пәндер бойынша үлгерімнің жоғарлауы деректейді. Колледждің оқу жоспарына ауызша мәдениетті игеруге бағытталатын Мұрагер бағдарламасы қойылды. Бағдарламада бастысы болып ұлттық музыкалық аспаптарда ойнауды тәжірибелік курста игеру, бұнымен қоса оқыту ұлттық педагогика негізінде және естуді нотасыз жүргізу. Домбырада ойнауды барлық балаларға оқытады, өнеріне және бейімділіне қарамайды. Бағдарлама кешенді пән ретінде ұсынылып, өз ішінде көп нәрсені біріктіреді: қазақ күйлері мен аңыздарын тыңдау: домбырада ойнау дағдысын алу: ұлттық технологияны пайдаланып түрлі оюларды үйрену: салт – дәстүрлермен танысу: әйгілі күйші, сал – серілердің шығармашылығымен танысу: балалар фольклордық ансамбілін құру.

Сонымен бірге, Мұрагер бағдарламасын балаларды еуропалық классика мен Шығыс елдердің музыкасын типологиялық деңгейде қатыстырады. Мысал үшін, 7-ші сыныптың басты тақырыбы жайлаудың ауызша мәдениеті - Қырдың ауызша мәдениеті: балалар домбыра туралы аңыздармен және ұйғыр, түркмен дұттарлардың, қырғыз қымызы мен танысады; сыбызғы – башқыр құрайы – қырғыз шооры – түркмен түйдігі – қобыз – қияғы бір тарихи тамырларды сақтап қалған. Бұл аспаптар туралы әңгімелер видеожазбалар мен көрсетіле отырып олардың біртұтас тұлға ретінде дамуға мүмкіндік береді. Мұнда түрк елдеріндегі эпикалық дәстүріндегі дауыс пен ән айту өнерімен таныстырылады. Бұндай ауқымды тақырыптың жалғасуы үнді классикалық мәдениетімен танысу боп табылады. Зерттеу барысында мәдениеттер арасындағы жалпылықты көреміз және ерекше музыка, тазалық пен жеңілденді тыңдап отырғандарға әкеледі.

8-ші сыныптың бағдарламасының барлығы батысеуропалық музыкалық мәдениетінің әлем классикасының шедеврларына арналған. Әрі қарай музыкалық өнердің жетістігімен танысу басталады – ол өзіне ең үздік музыкалық аспаптардың түрлерін біріктірген симфоониялық оркестр. Бағдарламаға отандық музыканттардың орындауындағы шығармалар қосылған (көптеген Халықаралық конкурстардың қазіргі кезде біздің республикамыздың мақтанышы болған және абыроймен Қазақстанды әлемдік сахнада көрсетіп жүрген лауреаттары). Опера және балет пен танысу оқушыларды шаттану сезімін тәрбиелеу керек, опера қойылымдарын құра алуын бағалау – сахнаны көркемдеу, костюдерді модельдеу, дирижер, актерлар мен оркестірдің шығармашылық жұмысы. Бөлім қазіргі көркем мәдениетімен, соның ішінде Абай атындағы опера театры, классикалық және фольклордың ансамбілідермен танысуымен аяқталады. Енді гитарада, нота грамотасын қоса игерп және орыс, ағылшын тілдерінде ән айтады. Осылайша, қазақстандық патриотизм мен азаматтылық туралы мәдениет қалыптасады.

1993 жылдың өзінде –ақ Мұрагердің бірінші нұсқасы шыққан кезінде, мені бір сұрақ толғандырды: неге авторлар оны ән – күй сабағы ретінде

белгіледі? Неге оны өнер сабақтарынан бағдарлама ретінде анықтап қоймайды? Өйткені бағдарлама мазмұны – бұл музыка сабағы ғана емес қой? – Мінеки, содан бері он төрт жыл өтті. Бірақ бүгіннің өзінде бұл сұрақ өзекті боп қала бермек және менің ойымша бұнда басқа сұрақтарға жауап туады. Мысалы:, сұраққа жауап: жаңаның тартымдылығы, өмір сүру мүмкінділігі және оның күрделілігі неден құралған?

Қазіргі мектеп білім беруінің жанды жері: көру мүшесіне бағытталған. Бірінші күннен – ақ балаларды жазу мен оқуға үйретеді. Көру, есту сияқты қозғалмалы аппарат тек аспаптың маңызы бар, олардың функциялары – қызметтік, тұрлаусыз, ол арқылы ақпаратты жинаумен айналысады. Ал эмоционалды сезімталдықтан айырылады. Есту мүшесі азайтылған жағдайда – жүрек ортасының дамуына кедергі жасап, адамды біржақты дамытады. Нәтижесінде сезімтал адам (еститін, тыңдайтын) ақылды адамға айналады (көретін). Осыдан біртұтас қалыптасу тұлғаның гармониялық дамуына сүйенеді. Бұл адамзатқа және жеке әр балаға қатысты.

Мұрагерде төменгі сынып оқушыларының жас және психо–физиологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Бұл мақсат емес, ол өздігінен бағдарлама мазмұнынан шығады. Ол музыка сабағы емес, ол өздігінен сабақ бағдарламасының мазмұнынан түсіп қалады, қазіргі кезде шектелген мамандар түсінгі бойынша әуен сабағы болып табылмайды. Оның күрделілігі мен жаңашылдығы осында. Әуен белгілері бойынша үлкен дүниетанымдылық мазмұнды қамтиды.

Көкіл мектебінің түлектері әрі қарай оқу жолын жалғастырып, ЖОО (жоғары оқу орындарының) студенттері болып жүр. Оларды жиі теледидардан көруге болады. Ең бастысы мұнда жеке тұлға болып қалыптасады. Мектеп қабырғасында тәртіп мәселесі жоқ, өйткені білім берумен тәрбиелеу бір ажырамас үрдісті құрайды. Сондықтан балалар ұялшақ емес, сонымен қатар мәнерлі сөйлеу мәдениетімен ерекшеленеді, бірақ тәкаппар емес. Тәрбиелеу акті өздігінен жүріп, арнайы бөлімдерге бөлінбейді, айрықшаланбайды.

Көкіл мектебі өзінің өмір сүруімен және рухани өмірімен тәңірілік мәдениетті тірі және өмір сүреді дегенді дәлелдейді. Ол өшпейді, өйткені ол Жаратушымен қарым–қатынаста, оның өзі Өмір! Мектеп тәжірибиесін зерттеу мен таратуды мемлекеттік деңгейде қажет етеді, өйткені «бұрынғы храмдарға қарағанда бағалы ескерткештен гөрі құндырақ, өйткені оны сақтау, тас шедеврлеріне қарағанда әлдеққайда қиындырақ». Г.К. Шалабаева мен С.Ш. Аязбековаға қосыла отырып, мәселенің мәнісі одан да тереңірек екенін атап өтейік. Біздің пікірімізше, бұл әмбебап бұлақ, адамзаттың барлық мәдениеті осының негізінде дамыды.

Сонымен қатар, авторлық Көкіл мектебінде тұлғаның қалыптасуы мен дамуын бір тұтас ету мәселелері қарастырылған. Оқу және тәрбие қызметін жүзеге асырудың жетістігі өткен ғасырдағы рухани тәжірибиеге сүйенеді. Қазақстанда жаңа ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін ғылыми қайта құру теориясымен байланысу арқылы жүзеге асады. Басқаша айтқанда, Көкіл

мектебінің ұжымымен еі алғашқы, әрі маңызды қадам жасалынды. Өйткені қазіргі мен болашақтағы шындықтың әмбебаптылығын байланыстыратын материалды-затты қоқысқа толы әлем емес, өзінің рулық рухани негізін сақтаған адам. Бұл мәдени үрдіс жолында адамзаттың ең үлкен жеңісі деп түсінеміз.

Әдебиеттер

1. Алтун Битинг. Тенгрианство. Никонов А.Ю. – Алматы: Издательский дом «Жібек жолы», 2000. – 86 б.

2. Райымбергенов А., Аманова С. Күй кайнары. Голоса народных муз - А.: Өнер, 1990 ж. (екі тілде).

3. Есенұлы Айтжан. Күй – послание Всевышнего – Алматы: Көкіл, 1997. – 196., пер. Т. Асемқұлова.

4. Трансформация системы образования: взгляд философов (АӘбішев К.А., Дунаев В.Ю., Закаева З.А., Камалиденова А.З., Курганская В.Д., Муналбаева У.Д., Соловьева Г.Г., Хамидов А.А.) – Алматы: Арыс, 2000. – 250 б.

5. Мухамбетова А. Система детского эстетического воспитания А.и С.Раимбергеновых// Аманов Б.Ж., Мухамбетова А.И. Казахская традиционная музыка и XX век.- Алматы: Дайк-Пресс, 2002. - 544 с. – С. 423-428.

6. Шалабаева Г.К. Постижение культуры: мировоззренческие парадигмы и исторические реалии Казахстана. – Алматы: Ақыл кітабы, 2001. – 420 б.

В статье освещается авторская программа Абдухамита и Сайры Райымбергеновых Мурагер, которая составляет сердцевину элитной школы–колледжа Көкіл в Алматы. В настоящее время последователями Мурагер стали узбеки, таджики, киргизы; оказывает действенную поддержку ОАХР – организация Ага Хан коры, при финансовой поддержке которой проводятся ежегодные семинары.

There is covered the author's program of Abdukhamit and Sarah Raimbergenov Murager in the article which makes a core of elite school – college Kokil in Almaty. Now more followers of Murager became uzbeks', tadjiks, kirgiz; effective support by which annual seminars are carried out.

**ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ НЕГІЗІНДЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫНДА МУЗЫКАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУ: ІЗДЕНІСТЕР, ШЕШУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ЖАҢАЛЫҚТАР*//
Қазіргі заман: пікірлер әлемі философия альманахы. «Философия
ғылымдары» сериясы Абай атындағы ҚҰПУ. - №1. – 2011. – 84-91 бб.**

Қоқымбаева Б.Ж.

*Өнертану ғылымының кандидаты, философия ғылымдарының докторы,
ПМПИ профессоры, Павлодар қаласы*

Құрметті қонақтар, әріптестер, студенттер! Бүгінгі семинар – ерекше, уникалды. Өйткені, «Мұрагер» – тек бізде, Қазақстанда ғана бар. Сондықтан осы семинарға қатысып отырған қатысушыларға, барлығымызға табыс тілеймін. Және де бұл семинар Павлодарда алғаш рет болғандықтан, бүкіл Ертіс-Баян өңірі үшін тарихи оқиға деп есептеймін.

Семинар тақырыбы - «Жоғары оқу орындары мен орта мектептерде «Мұрагер» бағдарламасы бойынша үздіксіз білім берудің жаңа жүйесі». «Мұрагер» бағдарламасының нақтылы авторлары – Абдулхамит пен Сайра Райымбергеновтер және Ұлжан Байбосынова болса, олардың ой-пікірлестері, ниеттестері жеткілікті. Оның ішінде осы семинарға жиналған барлығымыз десек артық боламайтын шығар. Ал осындағы Қазақстанның әр тұсынан, тіпті аулдардан да келіп отырған ұстаздардың шәкірттерін, олардың ата-аналарын, сол мектептердің жетекшілерін, Білім департаменті қызметкерлерін қосқанда..., – біздің қатарымыз тіпті де аз емес. Керісінше, көбейіп келе жатырмыз. Бұл жағдай кездейсоқ емес. Бұл бүгінгі егеменді Қазақстанның негізгі бағытына, атап айтқанда, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келгендігімен де байланысты.

«Мұрагер» бағдарламасы туралы ғалымдардың, атап айтқанда, өнертанушылардың жазғаны аз емес. Ен алдымен мұнда Ә.И. Мұхамбетованы атап кеткен орынды. Өйткені, Ұстаздың шәкірттері туралы жазғаны бүкіл адамзат мәдениетінде сирек кездесетін уақиға екені анық. Белгілі этномузыкатанушы Б.Ж. Амановпен бірігіп жазған монографиясында Әсия Ибадуллақызының осы «Мұрагер» бағдарламасы, А. және С.Раимбергеновтер мен Ұлжан Байбосынованың балаларды музыкалық-эстетикалық тәрбиелеу жүйесін құрудағы еңбектері туралы, яғни өз шәкірттерінің осы маңызды да мағыналы іс-шаралары жөнінде, жария еткен пікірлері дәл осындай елеулі ауқиғалар қатарынан табылары сөзсіз [1]. Және де философ З.Наурызбаеваның, Астанадағы Ұлттық өнер университетінде жұмыс істейтін өнертану ғылымының кандидаты, доцент Г.Т. Альпеисова секілді ғалымдардың да бұл туралы зерттеулері бар.

Бірақта бұл ақпарат негізінен мамандарға, музыкатанушыларға белгілі. Ал көпшілікті алсақ, жаңа құбылыс болғандықтан, әлі де нақты өзінің орнын

* Автордың Павлодар қаласында өткен республикалық семинарда жасаған баяндамасы (Ред.).

тапқан жоқ сияқты. Сондықтан, біздің міндетіміз - бұл бағдарламаны қазіргі Қазақстан қоғамы, мәдениеті, білім саласы бойынша философиялық-ғылыми түрде талдау, сөйтіп мән-мағынасын аша түсіп, көпшілікке таныстыру, насихаттау.

Алдымен, негізгі ұғымдарға көз жүгіртейік. Өйткені, ұғымдар бір түрде қатып қалмай, заман, қоғам өзгерістерімен байланыста болып, олардың да мән-мағынасы өзгеріп отырады. Мысалы, білім беру ұғымын алайық. Оны қазіргі ғалымдар: философтар, мәдениеттанушылар, әлеуметтанушылар, өнертанушылар, тағы басқалары да зерттеп жүр. Философия, мәдениеттану салаларын қарастырсақ, білім беру – қазіргі заман мәдениетінің негізі деп қарастырылады. Және де білім беру туралы әртүрлі көзқарастар аз емес. Оның негізгі бағыттары: а) дәстүрлі түрі – педагогика; ә) жаңа бағыт – білім философиясы, әсіресе Ресейде кең дамыған; б) Бізде Қазақстан Республикасында педагогика және білім философиясымен қатар тағы бір бағыт дамып келеді. Ол – педагогика философиясы деп аталынады. Белгілі философ А.А.Хамидовтың пайымдауынша, білім философиясы біліморталық (знаниецентризмге) кетіп, тәрбие саласы ұмыт қалады. Ал педагогика философиясы білім мен тәрбиені біртұтас қарастыруға мүмкіндік жасайды. Менің ойымша, бұл көзқараспен келісуге болатын сияқты.

Келесі – музыка ұғымы. Оны да әртүрлі қарастыруға болады. Біз тақырып бойынша екі жағынан ғана қарастырамыз: біріншіден, музыка – басқа өнер түрлерімен салыстырғанда ерекше өнер. Неге десеңіз, ол сөзбен, тілмен, сөйлеумен тығыз байланысты. Сондықтан, адам парасатының дамуы, кісілігі, санасының қалыптасуы музыкамен тығыз байланысты. Екіншіден, музыка өнерін мәдениет құбылысы ретінде бас миының ассиметриясы теориясы тұрғысынан қарастырған жөн. Бұл теория бойынша, адам баласының бас миының оң жағы мен сол жағы әртүрлі: формасы жағынан емес (сол жақ – дөңгелек, оң жақ – басқа бір геометриялық фигураға ұқсайды), олардың функциялары, қызметтері әртүрлі деген мағынада. Оң жақ - бүтіндік, біртұтас көркем-образды тудыруға жауапты ми жарты шары. Сол жақ – логикалық, рационалды талдауға жауапты ми сыңары болып табылады [2].

Бұл теорияны әр ғылым саласында әртүрлі ұғымдармен түсіндіруге болады. Мысалы, музыкалық психология бойынша оң жақ – жүрек, жан (көне грек сөзі психо), сезім, интуиция, эмоциямен байланыста болса, сол жақ – бас, сана, ойлауға сүйенеді. Бір ескертетін жайт: жеке-жеке алғанда қай-қасысы да толық емес. Ғалымдардың пайымдауынша, сол жақ, яғни рационалды талдау қабілеті батыстық халықтарда жоғарырақ дамыған. Сондықтан болар, оларда ғылым, техника дамуда. Бірақта мұны тек қана бір жақты оң үрдіс ретінде қарастыруға болмайды. Өйткені, осы жағдайдан бүгінгі күні әртүрлі, бәрімізге белгілі, қиын мәселелер туындаған. Олар – экология, басқа да глобалдық мәселелер. Ал оң жақтың негізі - жүрек, сезім, эмоция болғаны, шығыс халықтарының ұлттық психологиясына, мінездемесіне тән дейді. Сондықтан, шығыста адам баласының ішкі рухани әлеміне, көңіл-күйіне көбірек көңіл

аударылады. Мұны, мысалы, қазақтарда: көңіл-күйіңіз қалай? – дегеннен байқауға болады.

Ендеше, мынадай сұрақтың туындауы мүмкін: сонда қалай, батыста адам туралы ілімдер дамыған жоқ па? – Антропологияның (адам туралы ілімнің) әр саласы (философиялық, әлеуметтік, медициналық салалары, психология болсын) батыста пайда болып қалыптасқан жоқ па? - Оған жауап мынадай: келісеміз. Бірақта мұнда, мысалы, француз ойшылы Ламетри адамды машина ретінде қарастырып, дүниеге механистік көзқараста, яғни, рационалдық ойлауда болғаны белгілі. Сонымен қатар, карама-қарсы идеалистік философиялық көзқарастар да дамыды, ал бүтін, біртұтас дүниеге көзқарас мүлдем жоқтың қасы деуге болады.

Ақиқат, шындық – ортасында, екеуінің байланысында, басқаша айтқанда, көркем мәдениет пен техникалық мәдениеттің, немесе лириктер мен физиктердің үйлесімділігінде. Бірақ негізі – жүрек, көңіл-күй. Хәкім Абай сөзімен айтқанда, Адам бол, яғни, жүректі бол, бірақта жүрек пен ақыл үйлесімді болу керек деген аманатта. Олай болса, музыка өнерінің мәдениетте, соның ішінде білім саласында да, орны ерекше, өзекті болып табылады.

Келесі: «қазақстандық мәдениет» деген ұғым. Бұл ұғымды қарастырсақ, бұл қазақстандық патриотизм, қазақстандық азаматтылық, қазақстандық жол секілді қазіргі елімізге тән құбылыстарға жатады. Жоғарыда ірі ғалым, өнертану ғылымының докторы, профессор Ә.И.Мухамбетованың өзінің кітабында Райымбергеновтердің балаларға арналған эстетикалық тәрбие жүйесі туралы оң пікірі бар екенін айтып кеттік. Сол кітапта Ұстазымыз «Мұрагер» жүйесін басқа да әлемдік бағдарламаларымен салыстырып талдайды. Оның ішінде Кеңес кезінде барлық республикаларда қолданылған Д.Д.Кабалевский жүйесі де қарастырылған. Айтайын деп отырғаным, композитор, зерттеуші Д.Д. Кабалевскийдің бағдарламасы өз кезеңіне сай кеңестік адам бейнесін, советтік патриотизмді қалыптастыруға мүмкіндік туғызған.

Ал, қазіргі Қазақстанға қазақстандық патриотизм, қазақстандық азаматтылық қажет. Бүгінгі жастар оны түсінеді және де қабылдайды. Мынадай мысал келтірейін. Қазақ музыка тарихы пәнін орыс тобында жүргізгенде, «қоңыр үнді қара домбыра» деген халықтың нақыл сөзін келтіргенмін. Сонымен қатар, Қоңыр күйлер, Назқоңыр, Майда қоңыр, Жай қоңыр, Әсем қоңыр сияқты ән-күйлер бар екенін қарастырдық. Ал, қара домбыра, қара өлең, қара халық – негізгі халық, Қаратау, Қарахан тайпалары, Абайдың Қара сөзі – философиялық сөз деген мағынада екені туралы қысқаша мағлұмат берілді. Қорыта айтқанда, қоңыр, қара, ақ, көк дегендер тек қана бояу емес, олар көпмағыналы философиялық астары бар тәңіршілдік рухани ілімінің анықтамалары деген ой-пікірге келеміз.

Сонда, студент А. Полехин Н.Ә. Назарбаев пен Алтынбек Қоразбаевтың «Үш қоңыр» деген әні бар екенін ойға салып, «Бұл әндегі қоңырдың анықтамасы Сіздің айтқанызбен сәйкес келе ме?», - деп, сұрақ қойды. Бұл сұрақ, меніңше, студенттердіңбей—жай емес екенін, қазақ мәдениетін, өнерін түсінуге, білуге құштар екенін білдіреді. Мен осы мысалды жастарда

қазақстандық патриотизм, қазақстандық азаматтылық сезімдері қалыптасқанының дәлелі деп түсінемін.

Енді «қазақстандық мәдениет» ұғымына оралсақ, бұл дәстүр мен өркениеттің, отандық және әлемдік қазынаның диалектикалық байланысы болып табылады. Оның түбірі, рухани тірегі - дәстүр, халықтық мұра. Сонау көшпелі сақ тайпаларынан бастап дамып келе жатқан асыл қазынамыз бүгін де өз күшінде. Халықтық саз өнерін сақтау, әрі қарай дамыту – қазіргі күннің талабы. Міне, осы ертеден келе жатқан асыл қазынамызды жоғалтпай, әрі қарай дамытып, жаңғыртып келе жатырмыз. Және де бұл мұра қазақстандық мәдениеттің рухани негізі, тірегі болып әрі қарай шарықтауда.

Уақыт өте біздің көшпелі ата-бабаларымыз отырықшылыққа көшті, өз мәдениетің одан ары дамытты. Қазақстан композиторлары әлемдік музыканы өзіндік ерекшеліктері бар ұлттық сипаттағы өнермен байытты. Қазақ композиторлары үшін ұлттық дәстүрлі музыка шығармашылық ізденістің қайнар көзі іспеттес. Көптеген опера көріністері халық әуенінің негізінде шығарылды. Еуропалық симфония мен қазақтың кәсіби аспаптық музыка қағидаларының сабақтасуы жаңа жанр – оркестрге арналған күйлерді тудырды. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың аспаптық дәстүрінің бағытын өзгерту өзгеше оркестрлік бояулар мен үндердің, фортепианолық және вокалды техниканың асқан шебер тәсілдерінің пайда болуына себепші болды. Ежелгі қазақ мифологиясына, тәңірлік дүниетанымға және тарихқа жүгіну музыканың әсерлі-көркемдік аясын пәлсафалық толғаулармен асқан толықтырып кеңейтті.

Қазақстанның тәуелсіздік кезеңі музыкалық мәдениеттің тақырыптық және көркемдік аясын байытумен, ұлттық тарих пен мәдениетке асқан қызығушылықтың күшеюімен белгіленді. Сазгерлік стильдер дараланып, ұлттық әеузге деген қызығушылық қайта жанданды. XX ғасырдың екінші жартысында қазақтың көпшілікке танымал музыкасы пайда болды. Вокалды-аспаптық ансамбльдер мен топтар құрылды. Қазақтың халық және ауызекі-кәсіби дәстүрлі музыкасының әншілік, аспаптық және эпикалық жанрларын поп, диско, хард-рок, арт-рок, фьюжн стильдердің эстетикасы және элементтерімен қосу нәтижесінде алуан түрлі музыкалық бағыттар пайда болды.

